

Бекітемін

ШҚО білім басқармасы Өскемен
қаласы бойынша білім болімінің
«№106 «Карлығаш» балабақша-
бөбекжайы» КМҚК директоры

 Ж. Каримова



**ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім болімінің
«№106 «Карлығаш» балабақша-бөбекжайы» КМҚК
кенес беру пунктінің ережесі**

1. Жалпы ереже

- 1.1. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (занды өкілдерге) арналған Кенес беру пункті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады (одан әрі - МДҰ).
- 1.2. Кенес беру пункті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымды бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Кенес беру пункті мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдерге) арналып құрылады.
- 1.4. Осы ереже ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№106 «Карлығаш» балабақша-бөбекжайы» КМҚК базасында іске қосылған Кенес беру пунктінің қызметін реттейді.
- 1.5. Кенес беру пункті мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы мен тәрбиесінде ата-аналарға көмек көрсету формаларының бірі болып табылады.
- 1.6. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (занды өкілдердің) арналған Кенес беру пункті қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Кенес беру пункті мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Отбасылық және когамдық тәрбиенің сабактастығы мен бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың түрлері мен әдістерін, мазмұнын тандау тиімділігін қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуын қолдау.

2.2. Кенес беру пунктінің басты міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;
- ата-аналарға (занды өкілдерге) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 6 жасқа дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу сұрақтары бойынша кенес беру

арқылы көмек көрсету;

- ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы бала дамуындағы мәселелерді танып-білу және диагностикалау;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын-алу жұмысын жүргізу;

- мектепке дейінгі жастағы балаларын үйде тәрбиелейтін ата-аналарға (занды өкілдерге) акпараттық қолдау көрсету.

3. Кеңес беру пункті қызметін ұйымдастыру

3.1. Кеңес беру пункті қызметі аясында жүзеге асырылады:

- диагностикалық көмек - баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу, баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, потенциалдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу, дамудағы бұзылу механизмдерін және себептерін анықтау, баланың келешек дамуы мен тәрбиесіне ұсыныстар жасақтау;

- кеңес беру көмегі – психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультациялау, ата-аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік іс-әрекеттің басты бағыттары, кризисті жағдайлардан шығу туралы хабардар ету;

- әдістемелік көмек – ата-аналарды (занды өкілдерді) агарту, оларды педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы акпараттандыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, жанұядағы жағымды қарым-қатынастарды формалау; бала дамуының жеке ерекшеліктеріне негізделген коррекциялық және дамыту технологияларымен таныстыру.

3.2. Кеңес беру пункттің басты формалары ата-аналар (занды өкілдер) отініші бойынша қажетті жеке және топтық кеңес берулер жүргізу, жазбаша отініш бойынша сырттай кеңес беру, ата-аналар (занды өкілдер) үшін лекциялар, теориялық және тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру, МДҰ сайты арқылы кеңестер мен әдістемелік ұсыныстар беру, балабақша мамандарымен мектепке дейінгі жастағы балаларды диагностикалау.

3.3. Кеңес беру пункті ата-аналарға (занды өкілдерге) төмендегі сұрақтар бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;
- балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті;
- бала тамактануын ұйымдастыру;
- балаларды сауықтыру және шынықтыру үшін жағдайлар жасау;
- білім беру бағдарламаларын тандау.

3.4. Кеңес беру пункті ата-аналарға (занды өкілдерге) келесі сұрақтар бойынша диагностикалық көмек ұсынады:

- балаларды мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімдеу;
- мектепте оқытуға даярлық;
- бала қабілеттері мен жеке дамуы ерекшеліктері;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын-алу.

3.5. Әдістемелік, диагностикалық және кеңес беру көмек көрсету мамандар қызметін интеграциялау негізінде құрылады: директор, әдіскер, тәрбиешілер, медициналық қызметкер, педагог-психолог, логопед, дефектолог, қазақ тілі мен бейнелеу өнері оқытушылары, музика жетекшісі, дene шынықтыру нұсқаушысы.

3.6. Кеңес беру пункті қызметін жүргізу үшін келесі құжаттар кажет:

- кеңес беру пунктінің жылдық жұмыс жоспары;
- кеңес беру пунктінің жұмысының кестесі
- откізілген іс-шаралар кестесі және катысу журналы;
- кеңес беру пунктінің жұмыс сараптамасы.

3.7. Кеңес беру пунктінің жұмыс уақыты ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№106 «Қарлығаш» балабақша-бебекжайы» КМҚК директорымен бекітіледі.

4. Кеңес беру пунктін басқару және жетекшілік ету

4.1. Кеңес беру пунктін тікелей басқару ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№106 «Қарлығаш» балабақша-бебекжайы» КМҚК директорымен жүзеге асырылады.

4.2. ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№106 «Қарлығаш» балабақша-бебекжайы» КМҚК директоры Кеңес беру пунктінің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) жауапкершіліктерін анықтайды.

5. Кеңес беру пунктінде білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері

5.1. Кеңес беру пунктінде білім беру процесіне қатысушылар-балалар, ата-аналар (заңды өкілдер) және мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері болып табылады.

5.2. Кеңес беру пунктінде қатысушы әрбір баланың құқығы, алеуметтік кепілдіктері бала құқығы туралы ООН Конвенциясына сәйкес, ата-ана мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы анықталады.

5.3. Кеңес беру пунктінде жұмыс жасайтын әрбір қызметкердің құқығы, алеуметтік кепілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№106 «Қарлығаш» балабақша-бебекжайы» КМҚК Жарғысымен, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.